

Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №1

Өткізілген күні: 08.09.2023

Қатысқандар: 80

Күн тәртібінде:

1. «Келіңіз, танысайық» – бала және оның отбасы туралы алғашқы ақпарат алу және сараптау
2. Ата-аналарды балабақша ұжымымен таныстыру
3. 2023–2024 жаңа оқу жылының жоспарымен таныстыру
4. «Балалардың балабақшаға бейімделу»

1. Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша «Келіңіз, танысайық» атты тренингпен балабақша меңгерушісі А.Г. Уртамбаева ата-аналармен танысып, әңгімелесті. Тәрбиешілер балалардың жеке ерекшеліктері, денсаулық жағдайы және даму деңгейі бойынша бастапқы ақпарат жинау жұмыстарын жүргізді.

2. Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: Уртамбаева А.Г және Әдіскер Ахметова А.Ж ата-аналарды ұжым мүшелерімен таныстырып, балабақшаның ішкі тәртіп ережелері мен жұмыс бағыты туралы айтып өтті.

3. Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Ж. Ахметова 2023–2024 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының жылдық жоспарымен таныстырды. Жылдық жоспар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, үлгілік оқу бағдарламасына және мекеменің даму жоспарына сәйкес әзірленгені айтылды. Жоспардың негізгі мақсаты – тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, олардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие

беру және мектепке сапалы даярлау болып табылады. Бағдарлама мазмұны, тәрбиелеу мен оқыту бағыттары, мерекелік іс-шаралар мен қосымша жұмыстар туралы толық мағлұмат беріп өтті.

4.Тыңдалды:

Тұртінші мәселе бойынша психолог Айжанова А.Қ. мен тәрбиешілер балалардың балабақшаға бейімделу кезеңінің ерекшеліктерін атап өтті. Бейімделуді жеңілдету үшін ата-аналармен бірлескен жұмыс жүргізу қажеттілігі айтылды. Баланың балабақшаға бейімделу кезеңі – оның өміріндегі маңызды әрі жауапты кезеңдердің бірі. Бұл уақытта бала жаңа ортаға, жаңа тәртіпке, тәрбиешілер мен құрдастарына үйренеді. Әр баланың бейімделуі әртүрлі өтеді: кейбір балалар тез үйренсе, енді біреулеріне көбірек уақыт қажет болады.

Бейімделу кезеңінде баланың эмоционалдық жағдайына ерекше көңіл бөлу маңызды. Баланың көңіл күйінің өзгеруі, ата-анасын сағынуы, жылауы немесе тұйықталуы – қалыпты құбылыстар. Мұндай жағдайда ересектердің сабырлылығы, мейірімді қарым-қатынасы мен қолдауы балаға сенімділік береді.



Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы – сәтті бейімделудің басты кепілі. Ата-аналардың оң көзқарасы, күн тәртібін сақтау және педагогтармен тығыз байланыста болуы баланың жаңа ортаға тезірек үйренуіне көмектеседі деп балабақша психологі А.Қ. Айжанова айтып өтті. Алдағы уақытта да балалардың психологиялық жайлылығын қамтамасыз ету, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып қолдау көрсету жұмыстарын жалғастырамыз.

Қаулы:

1. Балалар туралы мәліметтерді толық жинақтау және жеке карталарын толтыру жұмыстары жүргізілсін.
2. Ата-аналармен тұрақты байланыс орнатылсын.
2. 2023–2024 оқу жылының жоспарына сәйкес жұмыстарды жүзеге асырылсын.
3. Бейімделу кезеңінде балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілсін

Төрайым:

Хатшы:

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №2

Өткізілген күні: 23.12.2023

Қатысқандар: 75

Күн тәртібінде:

1.Балалардың тәрбие-оқу процесін ұйымдастырудың жарты жылдық қорытынды есебі

2.Балалардың қауіпсіздігін сақтау ережелерінің орындалуы

3.Балабақшада ҚР санитарлық нормалардың сақталуы

1. Тыңдалды:

1-мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Г.Уртамбаева балалардың тәрбие-оқу процесін ұйымдастырудың жарты жылдық қорытындысын айтып өтті.

Тәрбиешілердің есебі бойынша жарты жыл ішінде:

оқу-тәрбие жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілді;

балалардың жас ерекшелігіне сай оқу қызметтері ұйымдастырылды;

танымдық, шығармашылық және ойын әрекеттері жүйелі өткізілді;

балалардың даму деңгейі бақылау нәтижелері арқылы талданды;

ата-аналармен байланыс нығайтылды.Оқу-тәрбие процесі

қанағаттанарлық деңгейде жүргізілген, кейбір топтарда дамыту

жұмыстарын күшейту қажет екені атап өтілді.

2. Тыңдалды:

2-мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Ж.Ахметова балалардың қауіпсіздігін сақтау ережелерінің орындалуы туралы айтты.

Балабақшада қауіпсіздік бұрыштары жабдықталған;

эвакуация жоспарлары ілінген;

күнделікті қауіпсіздік нұсқаулықтары өткізіледі;

балалардың серуен кезіндегі бақылауы қамтамасыз етіледі;

қауіпті заттардың қолжетімділігі шектелген. Қауіпсіздік ережелері

негізінен сақталған.

3. Тыңдалды:

3-мәселе бойынша балабақшада ҚР санитарлық нормалардың

сақталуы туралы балабақша медбикесі Бурханова З.Т. есебі тыңдалды.

Бөлмелердің тазалығы күнделікті жүргізіледі;

дезинфекциялау кестесі сақталады;

тамақтану сапасы санитарлық талаптарға сай;
желдету және температура режимі бақыланады;
балалардың жеке гигиенасы қадағаланады. Санитарлық нормалар
сақталған, қосымша бақылауды күшейту қажет емес.

Қаулы:

1. Тәрбие-оқу процесін жетілдіру бойынша әдістемелік жұмыстар жалғастырылсын.
2. Балалардың қауіпсіздігін сақтау бойынша бақылау күшейтілсін.
3. Санитарлық нормалардың орындалуы тұрақты бақылауда ұсталсын.

Төрайым: _____

Хатшы: _____

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №3

Өткізілген күні: 18.04.2024. жыл

Қатысқандар: 85

Күн тәртібінде:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дайындау
2. Қорытынды сауалнама нәтижелерін талдау
3. Ағымдағы мәселелер. «Қош бол, балабақша» ертеңгілігін өткізу

1. Тыңдалды:

1-мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Г. Уртамбаева мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дайындау мәселесі туралы айтып өтті. Тәрбиешілер мен психологтың есебі бойынша: балалардың танымдық, тілдік және әлеуметтік дағдылары дамытылды; мектепке даярлық топтарында арнайы оқу бағдарламасы орындалды; жазу, санау, логикалық ойлау дағдыларына арналған жұмыстар жүйелі жүргізілді; мектепке бейімделу бағытында ойын түріндегі сабақтар қолданылды; ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Балалардың мектепке дайындығы қанағаттанарлық деңгейде, кейбір балалармен жеке түзету жұмыстары қажет екені атап өтілді.

2. Тыңдалды:

2-мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Ж. Ахметова қорытынды сауалнама нәтижелері туралы айтты.

Сауалнама нәтижесінде:

ата-аналардың балабақша жұмысына қанағаттану деңгейі жоғары; тәрбиешілердің кәсіби жұмысы оң бағаланған; тамақтану, қауіпсіздік және оқу процесі бойынша ұсыныстар айтылған жоқ.

3. Тыңдалды:


3-мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Ж. Ахметова ағымдағы мәселелер және «Қош бол, балабақша» ертеңгілігін өткізу бойынша бітіруші топтарға арналған ертеңгілік бағдарламасы туралы айтылды.

Мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілеріне арналған «Қош бол, балабақша!» атты мерекелік ертеңгілікті ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Бұл мерекенің басты мақсаты – бүлдіршіндеріміздің балабақшадағы бақытты күндерімен қоштасып, мектеп өміріне қадам басуына арналған ерекше сәттерді есте қаларлықтай өткізу. Ертеңгілік барысында балалар ән айтып, би билеп, тақпақтарын айтып, өз өнерлерін көрсетеді. Сонымен қатар балабақшадағы қызықты сәттер еске алынып, тәрбиеленушілерге жылы лебіздер мен тілектер айтылады. Балабақша қабырғасында бірге өткізген жылдарымыз ұмытылмас естелік болып қала береді. Балаларымыздың мектеп табалдырығын сенімді аттап, білім жолында табысты болуына тілектеспіз.

Қаулы:

1. Мектепке даярлық жұмыстары жалғастырылсын, жеке түзету жұмыстары күшейтілсін.
2. Қорытынды сауалнама нәтижелері ескеріліп, оқу-тәрбие процесі жетілдірілсін.
3. «Қош бол, балабақша» ертеңгілігі жоспарға сәйкес сапалы өткізілсін.

Төрайым: 
Хатшы: 